

№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК

Қамқоршылық кеңес отырысының

№4 хаттамасы

Ақтөбе қаласы

23.12.2024 жыл

Қатысқаны:

Күн тәртібінде:

1. 2024 жылға арналған қамқоршылық кеңес жұмысының қорытындысы.

Хабарламашы меңгеруші М.С.Ермаганбетова

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі М.С.Ермаганбетова 2024 жылға арналған қамқоршылық кеңес жұмысының қорытындылады. №35 «Балбұлақ» балабақшасы Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын бұдан әрі балабақша атынан меңгеруші Ермаганбетова М.С. жағынан балабақша Жарғысын басшылыққа ала отырып жүргізілген қосымша ақылы қызмет «Би билеп үйренейік» пен «Зерек бала» үйірмелері жұмысын аптасына 2 рет, ұзақтығы 30 минуттан жүргізілді. Баламен жұмысты оның жасына, жас ерекшелігіне, білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкес жүргізілді. Бағдарлама мен бейімдеу бойынша қосымша ақылы білім беру үйірме жұмыстарын бекітілген үйірме кестесіне және бағдарлама бойынша, сонымен қатар оқытудың ұйымдастырылған түрлері барысында талаптарды есепке ала отырып жүргізілді.

ҚР ДСМ қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының сарапшыларының қызылша инфекциясының алдын алу шараларының ұсыныстары таратылды, ата-аналар жиналыс отырысында және инстограмм желісі арқылы да ақпараттық кеңес берілді.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің ат салысуымен балабақша мен ата-ана арасындағы ынтымақтастық жақсы нәтиже беріп отырғанын атап өтті. Балабақшада берілетін тәрбие – бүлдіршіндерге берілетін тәрбиенің бастауы. Соның бірі көктемде ауланы көгалдандыру жұмысы жүргізілсе, жазда ойын алаңдары ойыншықтармен толықтырылды. Ал қыста қар тазалау қол көмегін тигізсе, күзде қураған жапырақтарды жинасуға сенбілікке көмектесуге қолғабыс етілді. Жоғарыда аталған жұмыстардың атқарылуына үлес қосқан ата-аналар қауымдастығына ұжым атынан алғыс білдірді.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Суликова Д.: Қамқоршылық кеңес жұмысының мақсаты – бірыңғай педагогикалық ұстаным негізінде оқыту мен тәрбие беруде педагогикалық ұжым мен қамқоршылық кеңесі қарым-қатынасын ұйымдастыру, кешенді оқыту – тәрбиелеу жұмысының материалдық – техникалық базасын нығайтуға көмектесу. Жыл бойына қарастырылатын мәселелер мемлекеттің тәрбие беру іс – шарасына бірлесіп атқаруға ата – аналар қауымын тарту, олардың педагогикалық мәдениетін, білімін көтеру, балабақша мен отбасына ынтымақтастығын ұйымдастыруға ықпал жасау, балаларға әлеуметтік жағынан қолдау көрсету екендігін айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшелері де ары қарай балабақшамен бірлесіп жұмыс жасауға, көмектесуге, қолдау білдіретіндерін айтып бір ауыздан келісті.

Шешім:

2024 жылға арналған қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары қанағаттанарлық деп танылсын.

Қамқоршылық кеңес отырысының төрайымы: Суликова Д.

Мүшелері: Сәбит Г.

Кудайбергенова С.

Муханова Н.

Жүргенбаева Г.

Санимова А.

Тасанова Г.

Хатшы Нургалиева Ж.